



Экономика және бизнес
Жоғары лектебiнiң 70 жылдығымен
және Д.А-Жараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университетiнiң
85 жылдығымен құттықтаймыз!



Құрметті Ғалиқайыр Мұтанұлы!

Нархоз Университетінің «Қаржы» кафедрасы Сізді, профессорлық-оқытушылар құрамын, студенттік қауымдастықты Экономика және бизнес Жоғары мектебінің 70 жылдығымен және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 85 жылдығымен құттықтайды.

85 жыл бұрын республикамыздың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті құрылды, 15 жыл өткеннен кейін жоғары кәсіби білім жүйесінің қозғаушы күшіне айналған экономикалық факультеті құрылды.

Экономика және бизнес Жоғары мектебінің қызмет ету жылдарында озық білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық инфрақұрылым құрылды. Мектеп республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының міндеттерін шешу үшін жаңа білім мен технологияларды белсенді көтермеледі, сондай-ақ, әлемдік стандарттарға және қазіргі кездегі интеллектуалды талаптарға жауап беретін бәсекеге қабілетті мамандарды – кадрлық әлеуетін қалыптастыруға үлес қосты. Бүгін Экономика және бизнес Жоғары мектебінің ұжымы білім беру, ғылыми, инновациялық және тәрбиелік процесстермен тығыз интеграциялық негізде таланттарды ашуға және өз студенттері мен қызметкерлерінің қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Бүгін Сіздердің мерейтойларыңызда Экономика және бизнес Жоғары мектебінің ұжымына үлкен шығармашылық бірлестіктер, ғылыми жобалар мен жаңа инновациялық жаңалықтарыңыздың жетістікке жетуін тілейміз!

«Қаржы» кафедрасының меңгерушісі,
э.ғ.д., профессор

А.Адамбекова